

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 2 (2022)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/UMYC5887>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.
д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*
Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жуматаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Абибулаева А. Б.	<i>д.п.н., профессор</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., доцент (Беларусь)</i>
Кудышева А. А.,	<i>к.п.н., ассоц. профессор</i>
Оспанова Н. Н.,	<i>к.п.н., доцент</i>
Оралканова И. А.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/YUJR1935>***Ә. М. Өмірзақова**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСС КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі қоғамда білім беру жүйесі толыққанды өзгеріске ұшырап, білім алушыларды жаңаша ойлауға мақсат тұтқан білім беру кезеңі жүзеге асуда. Осыған орай жаңа білім парадигмасы негізінде білім алушы мен педагог арасында субъектсубъектілі қарым-қатынас орнату арқылы білім алушылардың шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыру міндеті қойылды. Жаңартылған мазмұнда білім беру жағдайында болашақ мамандарды даярлау өзекті мәселелердің қатарынан орын алды. Соның ішінде еліміздегі шағын жинақты мектептердің педагогикалық үдерісін ұйымдастыру мәселесі кеңінен, терең зерттеуді қажет ететіндігі айқын. Мақалада шағын жинақты мектептердегі педагогикалық үдерістің компоненттері қарастырылған. Педагогикалық үдерістің ұйымдастырушылық-әрекеттік компоненті оның субъектілерінің өзара әрекеттесуін басқаруды ұйымдастырудың екі деңгейімен сипатталады. Бірінші деңгейде бұл педагогтардың тәрбие жұмысын басқару. Мұны жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуының педагогикалық ортасын ұйым деп атауға болады. Бірінші кезекте қажетті материалдық - техникалық жағдайлармен процесті үйлестіретін мемлекеттің ұйымдастырушылық ролі көрінеді. Екінші деңгейде тәрбиеші мен тәрбиеленушінің тікелей өзара іс-қимылын ұйымдастыру. Мұнда мұғалімнің оқу-тәрбие жұмысының принциптерін тәрбие мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін тәрбиешілердің кәсіби шеберлігі ретіндегі ұйымдастырушылық ролі көрінеді.

Кілтті сөздер: шағын жинақты мектеп, педагогикалық үдерістің компоненттері, оқыту мақсаты, оқыту әдістері, оқушылардың өзіндік жұмысы.

Кіріспе

Қазақстанда педагогика ғылымының алдында әлемдік озық тәжірибе негізінде ең алдымен мектептегі білім берудің мазмұнын түбегейлі жаңарту міндеті тұр. Білім беру адам іс-әрекетінің стратегиялық маңызды саласы, елдің экономикалық өсуі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін құнды ресурс болып табылады. Отандық педагогика жаңартылған білім беру мазмұнына көшу арқылы білім сапасын арттыруды көздеп отырса, оның ортасында оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру, өзіндік ізденіс дағдысын дамыту, яғни, «білімпаз адамнан» «шығармашылық тұрғыда ойлай алатын, өздігінше әрекет етіп, дамытын адам тәрбиелеуді жүзеге асыру міндеті тұр [1].

Шағын жинақты мектепте дәріс беретін болашақ мамандар оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін, тұлға дамуының принциптері мен заңдылықтарын терең білумен қатар шағын жинақты мектептердегі оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың заманауи технологияларын меңгерген болуы тиіс [2]. Біз мақалада шағын жинақты мектепте дәріс беретін болашақ мамандар оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін, тұлға дамуының принциптері мен заңдылықтарын терең білумен қатар шағын жинақты мектептердегі оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың заманауи технологияларын меңгеру жолдарын көрсетуді мақсат етіп қойдық. Себебі шағын жинақты мектеп мұғалімі бір мамандық иесі бола тұра екі, үш сыныпқа сабаққа қатар дайындалуына, бірнеше пәннен сабақ беруіне тура келеді. Осыған орай болашақ бастауыш сынып мұғалімі мектепке үлкен кәсіби дайындықпен баруы шарт. Болашақ маманның кәсіби дайындығына қойылатын заманауи талаптардың қамтылуы мақаланың ғылыми жаңалығы болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Шағын жинақты мектептердегі оқыту – арнайы ұйымдастырылған оқыту іс-әрекеті, қарым-қатынас негізінде баланың санасында объективті шындықты бейнелеудің күрделі және көпжақты процесі. Оқыту процесінің компоненттеріне төмендегілер жатады.

Алғашқы компонент - оқыту мақсаты. Мақсаттар жалпы және жеке болып бөлінеді. Жалпы мақсат – білім, білік және дағды жиынтығын білім алушының бойында қалыптастыру. Жеке мақсатты педагог өз алдына қояды, ол оқушылардың нақты білім, білік және дағды көлемін толық меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталып, балалармен өзара әрекеттесудің тиімділігін арттырады, жұмыстың тиімді әдістері мен нысандарын таңдауға бықпал етеді. Екінші компонент – оқыту мазмұны. Оқушылар үшін қажетті ақпараттың санын, сапасын және қиындық дәрежесін, оны оқып-үйрену мүмкіндігін және оқушылардың практикада қолдануын анықтайды [3].

Оқыту үдерісінің үшінші компоненті – мұғалім. Мұғалім білім беру және тәрбие мазмұнының тасымалдаушысы, оқушылардың танымдық іс-әрекетінің тұтас ұйымдастырушысы болып табылатын оқыту процесіндегі басты тұлға. Ол білім береді, білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастырады, оқушылардың қызығушылығын белсендіреді және білім қажеттілігін дамытады.

Келесі компонент – оқушы. Оқушы бір мезгілде оқыту объектісі және субъектісі болып табылады. Оқыту процесінде баланың санасында әртүрлі, ғылыми негізделген оқыту әдістерінің көмегімен нақты шындықты бейнелеудің күрделі процесі жүреді. Шағын мектеп жағдайында мұғалімге оқушылардың темпераменті мен жүйке жүйесінің типтерін, даму ерекшеліктерін, бейімділігі мен қызығушылықтарын, білім мен білік деңгейін ескере отырып, оларға жеке қарауға; жеке қарым - қатынас оқушының ішкі ұстанымын түсіну ретінде оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты мен құралы ретінде әрекет ететін оқытуда тұлғалық-бағытталған тәсілді қолдануға, оқушылардың оқу іс-әрекетінің практикалық бағытын жүзеге асыруға (ауыл шаруашылық объектілеріне экскурсиялар, тәжірибе жұмыстарына қатыс және т. б.) мүмкіндік туады [4].

Оқыту үдерісінің және бір компоненті - оқушылар ұжымы. Ұжымдық оқыту процесі жеке оқытуға барабар, бірақ тәжірибелік деректерден алынған қорытындыларды талдау және жинақтау ретінде практикада білімді, шеберлікті және дағдыларды пайдалану ретінде ұйымдастырылуы мүмкін. Оқушылардың білім қоры әртүрлі болғандықтан, оқушылар арасында алмасу процесі де орын алады. Шағын жинақты мектептерде мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас үлкен ұжымдарға қарағанда жақын және жылы сипатта болады. Сондықтан үлкен мектептерге тән ірі бұзақылық, басқа да құқық бұзушылықтар жоқтың қасы. Бұл жерде барлығы бір-біріне сенеді және көмектеседі. Алайда шағын жинақты мектеп оқушылардың аз саны мен әлеуметтік ортамен байланысты өзінің ерекше қиындықтары бар, ол ауылдық баланың даму процесіне әрдайым оң әсер етпейді. Үлкен алаңдаушылық тудыратын факторларға: шағын жинақты мектептердің ақпаратпен аз қамтылуы; арнайы әдебиеттің болмауы; бастауыш шағын жинақты мектепті басқару бойынша ғылыми - әдістемелік ұсынымдардың жеткіліксіздігі; ауылдық отбасының білім беру және мәдени деңгейінің төмендігі; шағын жинақты бастауыш мектептердің әдістемелік орталықтардан алшақтығы. Алайда шағын жинақты мектептегі оқу үдерісінің ерекшелігіне байланысты барлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың жаңа, неғұрлым тиімді құралдарын (оқыту мен тәрбиелеудің формалары, әдістері, тәсілдері) табуға болады және қажет. Сыныптардың аз толымдылығы күнделікті практикалық қызметте білу және ұтымды пайдалану қажет бірқатар артықшылықтарға ие.

Келесі маңызды компонент - оқыту әдістері. Олар мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттестігінің әртүрлі технологияларын білдіреді. Олардың тиімділігі ең алдымен оқушылардың әр жұмыс әдісін түсінуіне байланысты. Шағын жинақты мектептерде жұптық-топтық сабақтар, өзара бақылау үлкен маңызға ие болады. Орта және жоғары сыныптарды оқыту процесінде дәріс, семинарлар, әңгімелесу сияқты формаларды қосу қажет. «Сыныпты» ұлғайту үшін басқа оқытушыларды, ата-аналарды немесе басқа сынып оқушыларын шақыруға болады. Оқушыларды ауыл өміріне, туған өлкенің материалдық, интеллектуалдық және адамгершілік мәдениетіне тарту қажет. Оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегін дұрыс пайдалану да маңызды [5].

Оқытудың ұйымдастырушылық нысандары тағы бір компонентті құрайды. Олар мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен танымдық қызметін уақыт бойынша және мазмұнына байланысты дұрыс бөлуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда оқушылардың өзіндік жұмысы да оқыту үдерісінің компоненті ретінде үлкен роль атқарады. Өзіндік жұмыс сабақта алған ақпаратты бекітуге, оқушыларға өз білімін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру өзара байланысты екі мәселені шешуге бағытталуы тиіс:

1) оқушылардың оқу кезінде танымдық іс-әрекетінде дербестігін дамыту, яғни оларды өз бетімен білім алуға үйрету;

2) оқу және практикалық қызметте өз бетінше білімді қолдануға үйрету.

Өз бетінше жұмыс істеу дағдысы бар оқушы оқу материалын белсенді және терең меңгереді, шығармашылық еңбекке, өз білімін жетілдіруге және оқуды жалғастыруға жақсы дайындалған [6].

Тәжірибеміз көрсеткендей 1–4 сынып оқушылары үшін келесі дербес жұмыс түрлерін пайдалану тиімді: жаңа материалды бұрын игерілгенге ұқсас, нұсқаулық бойынша жүргізілетін өз бетінше зерттеу; оқу материалын меңгергеннен кейін ұсынылатын бақылау және тексеру тапсырмалары.

Келесі бір құрылымдық компонент – білімді, білікті және дағдыларды іс жүзінде қолдану. Бұл компонент барлық алдыңғы компоненттердің синтезі болып табылады, өмірлік қоғамдық практикамен оқу жұмысының нәтижелерінің сапасын сынауға мүмкіндік береді [7].

Оқыту үдерісіндегі үлкен маңызы бар компонент - педагогикалық диагностика. Диагностика әдістердің, тәсілдердің жиынтығы болып табылады. Оқыту процесінің мақсатты компоненті педагогтің қойылымы және білім алушылардың тақырыпты зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін қабылдауы болып табылады. Оқыту процесінің ынталандырушы-уәждемелік компоненті педагогтың танымдық қажеттіліктерін қалыптастыру, оқу қызметінің уәждерін,

мүдделерді ынталандыру бойынша шараларын көрсетеді. Оқыту процесінің мазмұнды компоненті – бұл білім беру стандарттарымен, бағдарламалармен, оқулықтармен және оқу құралдарымен анықталатын оқыту мазмұны. Оқыту процесінің операциялық-пәрменді компоненті оның іс жүргізу сипаттамаларын, нысандарын, әдістерін, құралдарын көрсетеді.

Оқыту процесінің бақылау-реттеу компоненті кері байланысты орнату және оқыту процесінің барысын түзету мақсатында педагогты бақылауды және білім алушыларды өзін-өзі бақылауды жүзеге асыруды көздейді. Оқыту процесінің бағалау-нәтижелі компоненті педагогтың бағалауын және білім алушылардың оқыту нәтижелерін өзін-өзі бағалауын, олардың қойылған мақсаттарға сәйкестігін белгіледі, олардың сәйкес келмеу себептерін анықтауды, одан әрі қызметтің міндеттерін қоюды біріктіреді [8]. Оқыту процесінің барлық компоненттері өзара тығыз байланысты. ШЖМ педагогикалық процесс субъектілерінің өзара іс-қимыл құрылымын қарастыра отырып, келесі компоненттерді бөлуге болады: мазмұнды-мақсатты; ұйымдастырушылық іскерлік; эмоционалдық-мотивациялық; бақылау-бағалау.

Педагогикалық процестің мазмұндық-мақсатты компоненті – бір жағынан тәрбиенің өзара байланысты жалпы, жеке және жеке мақсаттарын білдіреді. Білім, білік, дағды, шындыққа деген көзқарас және шығармашылыққа қатысу шаралары толық белгілі бір мазмұнмен толықтырылады – бұл мазмұн жеке адамға қатысты да, өзара іс-қимыл жасайтын субъектілердің жасына байланысты да нақтыланады.

Педагогикалық процестің эмоционалдық-мотивациялық компоненті – ШЖМ-да оның субъектілері арасындағы, ең алдымен тәрбиеші мен тәрбиеленушілер арасындағы белгілі бір эмоционалдық қарым-қатынастармен, сондай-ақ олардың қызметінің уәждері арасында бірінші жоспарға тәрбиеленушілердің уәждері, олардың қажетті бағытта қалыптасуы, әлеуметтік-құнды уәждерді қоздыру көп жағдайда ШЖМ-дағы педагогикалық процестің нәтижелілігімен анықталады. Алайда тәрбиешілердің мотивтері мен олардың арасындағы эмоционалдық қарым-қатынас сипаты маңызды емес. Ата-аналар арасындағы, мұғалім арасында қалыптасатын мектеп әкімшілігі арасындағы қарым-қатынас сипаты бар [9].

Педагогикалық процестің бақылау-бағалау компоненті – ШЖМ-да ең алдымен тәрбиеленушілердің қызметін бақылау мен бағалауды қамтиды. Бұл қорытынды шығару, қызметтің келесі бағдарламасын әзірлеу үшін тәрбиеленушілердің өзара іс-қимылының белгілі бір кезеңінде және белгілі бір даму деңгейін шығару. Бақылау мен бағалаудың балалар үшін ерекше маңызы бар [10]. Оқушылардың өз жетістіктері мен кемшіліктерін өзіндік

бағалауының маңызы да зор. Олардың өз қызметінің барысы мен нәтижесін объективті бағалау қабілеті сабақ сапасы мен күтілетін нәтижеге ауқымды әсер етеді. Сондай-ақ, педагогикалық процесс құрылымының маңызды құрамдас бөлігі мұғалімнің өз қызметі мен оның нәтижелерін өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау болып табылады.

Қазіргі оқыту үдерісі мұғалім мен оқушы арасындағы субъект-субъектілік қатынастарды құруды талап етеді. Мұғалім реттеуші, бағыттаушы болуы керек. Бұл ретте оқушының белсенді рөлі қажетті шарт болып табылады [11].

Сонымен шағын жинақты мектепте оқыту үдерісін ұйымдастыруда мұғалім сарапшы, әріптес, аға жолдас рөлінде әрекет ете отырып, оқушылармен субъекті-субъектілік қарым-қатынас құру; оқу процесінің әрбір кезеңін жоспарлауды өз бетінше жүзеге асыра білу және жалпы процесті көру; жобалау және зерттеу жұмыстарын коса алғанда, әр түрлі формада оқушылардың мазмұнды қызметін ұйымдастыруға қабілетті болу; әр түрлі әдістер мен бағалау әдістерін меңгеру; білім беру процесінің рефлексиясын және өзін-өзі жетілдіруді жүргізу; оқушының жеке танымдық стилін тани білу және оқытудағы саралау, дараландыру және дараландыру принциптерін жүзеге асыру; командада жұмыс істей білу сынды кәсіби міндеттерді шешеді.

Нәтижелер және талқылау

Бүгінгі таңда Қызылорда облысы бойынша қазіргі таңда барлығы 21 шағын жинақты мектептер бар. Арал ауданында 13 мектеп, Қазалы ауданында 3 мектеп, Шиелі ауданында 4 мектеп, Жаңақорған ауданында 1 мектеп. Оның ішінде 8 бастауыш мектеп мұғалімдерінде сабақ беретін саны 259 мұғаліммен шағын жинақты мектептердің мәселелері бойынша сауалнама жүргіздік. Мұғалімдердің 74 пайызы шағын жинақты мектептердің әр түрлі жастағы біріктірілген сыныптарына оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету қажеттігін алға тартса, 69 пайызы шағын жинақты мектеп мұғалімдері үшін екі параллель сыныпқа сабақ беруге оқу жоспары құрылмағандығын өзекті мәселе ретінде анықтады.

ШЖМ педагогтерінің білім деңгейіне жүргізілген талдау жалпы республика бойынша қанағаттанарлық деңгейде екенін көрсетті: 45 279 педагог (81,9 %) жоғарғы білімді болса, 9798 педагог (17,7 %) техникалық және кәсіби білімді, 175 педагог (0,3 %) жалпы орта білімді.

Аталмыш көрсеткіштер толық жинақты мектептерде жоғары. Салыстыру үшін, толық жинақты мектептерде мұғалімдердің 89,3% жоғарғы білімді (26 517 адам), 10,6% техникалық және кәсіби білімді (31438), 0,1% жалпы ортабілімді (238). ШЖМ білім деңгейінің үздік көрсеткіштері ОҚО - 93,5% (2547 адам) жоғарғы білімді, 6,5% (177 адам) техникалық және кәсіби білімді және 0% жалпы орта білімді. Маңғыстау облысының ШЖМ жоғарғы білімді

оқытушылардың үлесі, керісінше аз – 71,8 % (173 адам), ал 24,1 % (58 адам) техникалық және кәсіби білімі бар. Басқа аймақтарда салыстырып қарағанда ШЖМ мұғалімдерінің білім деңгейі шамалас. Алайда, жалпы республика бойынша және бөлек аймақтарда педагогикалық кадрлардың білім деңгейін көтеру қажеттілігі айқын (1 - кесте).

Кесте 1 – Шағын жинақты мектеп, оның ерекшеліктері жайлы болашақ мұғалімдердің білім деңгейі

p/c	Көрсеткіш	Эксперименттік сыныптар			
		Жоғары деңгей	Орташа деңгей	жеткілікті деңгей	Төмен деңгей
1	Шағын жинақты мектеп, оның ерекшеліктері, шағын жинақты мектеп мұғалімі ұғымдары туралы түсінігі	40 %	19 %	13 %	28 %
2	Аталған ұғымдардың мәнін түсініп, ара жігін ажырата білуі	41 %	21 %	20 %	18%
3	Шағын жинақты мектеп, шағын жинақты мектеп мұғалімі ұғымдарының үндестігі мен ерекшеліктерін саналы түсініп, игеруге ұмтылысы	40 %	23 %	15 %	22 %
4	Шағын жинақты мектеп, оның ерекшеліктері, шағын жинақты мектептегі сабақ, жинақты мектеп мұғаліміне қойылатын талаптарды өз бойында қалыптастыру білігі	40 %	20 %	19 %	21 %
5	Жалпы	40 %	21 %	17 %	22 %

Келесі кезеңде болашақ мұғалімдердің шағын жинақты мектепте жұмыс жасауға даярлық деңгейін анықтау мақсатында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушылармен сауалнама алынды.

Сауалнамаға тәжірибелік жұмысымыздың базасы болған Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3 курс студенттері, барлығы 117 респондент қатысты.

Жүргізілген сауалнама нәтижесінде көптеген пікірлер мен ұсыныстардан біз тәжірибелік жұмысымыздың қызығушылық тудыратындығына көз жеткіздік. Сонымен бірге оқу бағдарламасын құрастырғанда осы ұсыныстарды мейлінше ескеруге тырыстық. Сауалнама нәтижесінде зерттеу жұмысымызды жүргізудің бағыттарының дұрыс таңдалғанына көзіміз жетті. Өйткені шағын жинақты мектеп ерекшеліктерін білудің заман талаптарына сәйкес екендігін түсінгенімен, студенттер ғана емес, оқытушылардың да басым көпшілігінің оны игеруге

мән бермейтіндігі анықталды. Сонымен қатар жас оқытушылар мен кейбір магистранттардың осы мәселеге байланысты дәріс тындауға ынталы екендігі айқындалды.

Төмен деңгей шағын жинақты мектеп туралы білуі, оның ерекшеліктері, шағын жинақты мектептегі сабақ, ресурстық орталықтар, шағын жинақты мектеп мұғалімі туралы түсінігі бар болғанымен төмен.

Орта деңгей шағын жинақты мектеп туралы білуі, оның ерекшеліктері, шағын жинақты мектептегі сабақ, ресурстық орталықтар, шағын жинақты мектеп мұғалімі туралы түсінігі бар, бірақ оның мәні мен маңызына жете мән бермейді әрі өз бойында қалыптастыруға құлшынысы жоқ, яғни орташа.

Жеткілікті деңгей шағын жинақты мектеп туралы білуі, оның ерекшеліктері, шағын жинақты мектептегі сабақ, ресурстық орталықтар, шағын жинақты мектеп мұғалімі туралы түсінігі бар, бірақ оның мәні мен маңызына жете мән бермейді әрі өз бойында қалыптастыруға құлшынысы бар, дегенмен әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Жоғары деңгей шағын жинақты мектеп туралы білуі, оның ерекшеліктері, шағын жинақты мектептегі сабақ, ресурстық орталықтар, шағын жинақты мектеп мұғалімі туралы түсінігі толық, ондағы талаптарды өз бойында қалыптастыруға әрі оны жетілдіру бойынша әрекет етуге ұмтылады, яғни жоғары.

Студенттер арасында шағын жинақты мектеп, оның ерекшеліктері, шағын жинақты мектептегі сабақ, жинақты мектеп мұғаліміне қойылатын талаптар ұғымдары туралы түсініктері мардымсыз болғандары басым болды.

Нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік болды;

- білім алушылардың шағын жинақты мектептің ерекшеліктеріне қызығушылықтарының қалыптасуына жағдай туғызылып, іске асырылды;

- Тәжірибелік эксперименттік жұмыстың барысында жоғары оқу орны студенттерінің шағын жинақты мектеп, оның ерекшеліктері, шағын жинақты мектептегі сабақ, жинақты мектеп мұғаліміне қойылатын талаптар туралы түсініктері кеңіп, жаңа білімдері қалыптасты;

- Тәжірибелік эксперименттік жұмыста оқу үрдісіне ендірілген курстың нәтижесін сараптау қорытындысында тындаушылардың шағын жинақты мектеп, оның ерекшеліктері жайлы білім деңгейі эксперименттік топтарда 40 % ды құрағанын анықтадық.

Сонымен қатар, сауалнама нәтижесінде байқағанымыздай, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің басым бөлігі (60,7 %) жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісіне шағын жинақты мектеп біріктірілген сыныптарды оқытатын мұғалімдерді дайындауды ұйымдастыру қажет деп санайды.

Білім алушылардың 56,7 % шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің әдістемелік дайындығы кәдімгі мектеп мұғалімдерінің дайындығынан өзгеше болу керек деген пікірде.

Педагогикалық мамандықтары бар жоғарғы оқу орындарының элективтік пәндер және элективті курстар мазмұнына шағын жинақты мектептердің көкейтесті проблемаларын және білім беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін, еңбек нарығының мамандарға қажеттілігін ескере отырып оқу жоспарына енгізу қажет деп санайды.

Сонымен қатар әдебиеттік оқу әдістемеліктер құралы жеткіліксіз, шағын жинақты мектептерге оқулықтар жоқ деген пікірді респонденттердің 91 % көрсетіп отыр.

Сауалнамаға қатысқан студенттердің 78 % шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру мәселесі бойынша өз білімін толықтыру қажет деп жауап берген.

Қорытынды

Бүгінгі таңда заманауи қоғамның қажеттілігінен туындайтын талаптарға сай шағын жинақты мектептердің оқу процесін ұйымдастырудың тиімділігі мен сапасын көтеруге өзекті мәселелер сапында. Тұрғылықты халықтың білім беру қызметін қамтуын күрт ұлғайту, мектептердің стационарлық және стационарлық емес желісінің құрылымын жетілдіру, оқу ресурстарының құрамы мен мазмұнын байыту сынды стратегиялық мақсаттар айқын. Білім беру процесіне шағын жинақты мектептердегі ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстың практикалық пәрменділігін арттыру, мұғалімдер мен педагогтардың, балалар мекемелерінің тәрбиешілерінің кадрлық құрамын жақсарту, шағын жинақты мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту және білім берудің басымдылығы туралы үкіметті іске асыруға ықпал ететін басқа да іс-шаралар қажет. Сонымен қатар, шағын жинақты мектепте жұмыс істейтін мұғалім оқушылармен жүргізілетін дербес жұмыстардың барлық түрлерін жақсы білуі шарт.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Мальтекбасов, М. Ж., Жолтаева, Г. Н., Стамбекова, А. С. К вопросу о подготовке будущих учителей к работе в малокомплектной начальной школе [Текст] // Международный журнал экспериментального образования. – 2014. – № 5–1. – С. 66–69.

2 Гаджибекова, З. К. Условия подготовки будущего учителя начальных классов к трудовому воспитанию младших школьников в малокомплектной школе [Текст] // Известия ДГПУ. Психолого-педагогические науки. – 2011. – №2. – С. 45–48.

3 **Аганина, К. Ж.** Шағын жинақталған мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту [Мәтін] // Білім әлемінде. – 2013. – № 5. – Б. 33–35.

4 **Нұролла, Ш. Қ.** Шағын жинақталған мектептердегі оқу үрдісінің ерекшеліктері [Мәтін] // «IX Махамбет оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. – 2017. – № 2. – Б. 88–92.

5 **Өмірзақова, Ә. М., Абильдина, С. Қ., Игенбаева, Р. Т.** Болашақ педагог мамандарды шағын жинақты мектепке даярлау мәселесі [Мәтін] // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2019. – № 12 (1). – Б. 226–231.

6 **Igenbayeva, R. T., Omyrzakova, A. M., Baisalov, D. U.** The importance of using non-traditional types of lessons in small schools [Text] // Bulletin of the Korkyt Ata Kyzylorda State University. – 2019. – № 2 (53). – P. 46–58.

7 **Әбілдина, С. Қ.** Шағын жинақты мектептерге педагог мамандарды даярлаудың жаңа үлгісі [Мәтін] // Жоғары оқу орындарында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау : мәселелері, бүгінгі жағдайы, болашағы. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 2015. – № 4. – Б. 11–15.

8 **Шергина, Т. А.** Педагогические условия модернизации образовательного процесса сельской малокомплектной школы (на примере республики Саха (Якутия) : дис. ... канд. пед.наук : 13.00.01 – Педагогика [Текст] – Чита, 2015. – 230 с.

9 **Неустроев, Н. Д., Неустроева, А. Н.** Подготовка бакалавра нового профиля «Начальное образование и тьютор в основной малокомплектной (кочевой) школе Севера» как инновационный процесс [Текст] // Природные ресурсы Арктики и Субарктики. – 2012. – № 4. – С. 73–78.

10 **Кузеванова, А. А.** Подготовка будущего педагога к работе с детьми с ограниченными возможностями здоровья в условиях малочисленной сельской школы [Текст] // Инсайт. – 2020. – № 2 (2). – С. 16–28.

11 **Өмірзақова, Ә. М., Игенбаева, Р. Т.** Шағын жинақты мектептегі тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері [Мәтін] // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – № 6 (2). – Б. 296–300

REFERENCES

1 **Maltekbayev, M. J., Joltaeva, G. N., Stambekova, A. S.** K voprosy o podgotovke bydyshih uchitelei k rabote v malokomplektnoi nachalnoi shkole [On the issue of preparing future teachers for work in an ungraded primary school] [Text] // Mejdynarodnyi jýrnal kspерimentalnoгo obrazovaniia. – 2014. – № 5–1. – P. 66–69.

2 **Gadzhibekova, Z. K.** Uslovija podgotovki budushheгo uchitelja nachal'nyh klassov k trudovomu vospitaniju mladshih shkol'nikov v malokomplektnoj shkole

[Conditions for preparing a future primary school teacher for the labor education of younger students in an ungraded school] [Text] // *Izvestija DGPU. Psihologo-pedagogicheskie nauki.* – 2011. – № 2. – P. 45–48.

3 **Aganina, Q. J.** Shağyn jınaqtalğan mektep muğalimderiniń kásıbı quzyrettiligin damytı [Development of professional competence of teachers of small schools] [Text] // *Bilim áleminde.* – 2013. – № 5. – P. 33–35.

4 **Nurolla, S. H.** Shağyn jınaqtalğan mektepterdegi oqý úrdisiniń ereksheликтери [Features of the educational process in small schools] [Text] // «IX Mahambet Oqýlary» respýblikalyq ғылыми-tájirbelik konferentsiıa. – 2017. – 17. – P. 88–92.

5 **Ómirzaqova, Á. M. Abildina, S. Q. Igenbaeva, R. T.** Bolashaq pedagog mamandardy shağyn jınaqty mektepke daıarlaý máselesi [The issue of preparing future teachers for a small school] [Text] // *Qazaqstannyń ғылыми men ómiri.* – 2019. – № 12/1. – P. 226–231.

6 **Igenbayeva, R. T., Omyrzakova, A. M., Baisalov, D. U.** The importance of using non-traditional types of lessons in small schools [Text] // *Bulletin of the Korkyt Ata Kyzylorda State University.* – 2019. – № 2 (53). – P. 46–58.

7 **Ábildina, S. Q.** Shağyn jınaqty mektepterge pedagog mamandardy daıarlaýdyń jańa úlgisi [A new model of training teachers for small schools] [Text] // Joғary oqý oryndarynda básekege qabiletti mamandardy daıyndaý: máseleleri, búgingi jaғdaıy, bolashaғы. Respýblikalyq ғылыми-tájirbelik konferentsiıa materialdary. – 2015. – № 4. – P. 11–15.

8 **Shergina, T. A.** Pedagogicheskie uslovija modernizacii obrazovatel'nogo processa sel'skoj malokomplektnoj shkoly (na primere respublikı Saha (Jakutija): dis. ... kand. ped.nauk: 13.00.01 - Pedagogy [Pedagogical conditions for the modernization of the educational process of a rural ungraded school (on the example of the Republic of Sakha (Yakutia): dissertation ... candidate of pedagogical sciences: 13.00.01 – Pedagogy] [Text] – Chita, 2015. – 230 p.

9 **Neustroev, N. D., Neustroeva, A. N.** Podgotovka bakalavra novogo profilja «Nachal'noe obrazovanie i t'jutor v osnovnoj malokomplektnoj (kochevoj) shkole Severa» kak innovacionnyj process [Preparation of a bachelor of a new profile «Primary education and a tutor in the main ungraded (nomadic) school of the North» as an innovative process] [Text] // *Prirodnye resursy Arktiki i Subarkтики.* – 2012. – №4 – P. 73–78.

10 **Kuzevanova, A. A.** Podgotovka budushhego pedagoga k rabote s det'mi s ogranichennymi vozmozhnostjami zdorov'ja v uslovijah malochislennoj sel'skoj shkoly [Preparing a future teacher to work with children with disabilities in a small rural school] [Text] // *Insajt.* – 2020. – № 2 (2). – P. 16–28.

11 **Ómirzaqova, Á. M., Igenbaeva, R. T.** Shağyn jınaqty mekteptegi tárbie protsesin uıymdastyryń ereksheликтери [Features of the organization of the

educational process in a small school] [Text] // Qazaqstannyń ǵylymy men ómiri. – 2020. – № 6 (2). – P. 296–300.

Материал 13.06.22 баспаға түсті.

*А. М. Омирзакова

Кызылординский университет имени Коркыт Ата,

Республика Казахстан, г. Кызылорда.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

ОСОБЕННОСТИ КОМПОНЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА И ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МАЛОКОМПЛЕКТНЫХ ШКОЛ

В настоящее время система образования нашей страны претерпевает глобальные изменения, осуществляется период, когда главной целью в образовании выступает формирование инновационного мышления обучающихся. В связи с этим на основе парадигмы обновленного образования посредством построения субъект – субъектного отношения педагога и обучающегося ставится задача формирования ценностного отношения к знанию, к творческому интересу. В условиях обновленного образования особую актуальность приобретает проблема подготовки будущих специалистов. В частности, проблема организации педагогического процесса малокомплектных школ страны требует широкого и глубокого изучения. В статье рассмотрены компоненты педагогического процесса в малокомплектных школах. Организационно-деятельностный компонент педагогического процесса характеризуется двумя уровнями организации управления взаимодействием его субъектов. На первом уровне - это управление воспитательной работой учителей. Ее можно назвать педагогической средой формирования и развития личности. Прежде всего, это организационная роль государства, которое согласовывает процесс с необходимыми материально-техническими условиями. На втором уровне – организация непосредственного взаимодействия воспитателя и воспитанника. Здесь выступает организационная роль учителя как профессиональное мастерство воспитателя, обеспечивающего принципы воспитательной работы для достижения воспитательных целей.

Ключевые слова: малокомплектные школы, компоненты педагогического процесса, цель обучения, методы обучения, самостоятельная работа учащихся

**A. M. Omirzakova*

Korkyt Ata Kyzylorda University,
Republic of Kazakhstan, Kyzylorda.
Material received on 13.06.22.

FEATURES OF COMPONENTS OF THE PEDAGOGICAL PROCESS AND TRAINING OF FUTURE TEACHERS OF SMALL SCHOOLS

In modern society, the education system has undergone a complete transformation, and there is a stage of education, the purpose of which is to make students think in new ways. In this regard, on the basis of the new educational paradigm, the task was to form a value orientation for education based on the creative interests of students by establishing subjective relations between the student and teacher. Training future professionals in the context of teaching updated content is one of the most pressing issues. In particular, it is obvious that the organization of the pedagogical process in small schools in the country requires extensive and in-depth study. The article discusses the components of the pedagogical process in small schools. The organizational and activity component of the pedagogical process is characterized by two levels of organization of managing the interaction of its subjects. At the first level, this is the management of the educational work of teachers.

Keywords: small schools, components of pedagogical process, learning objectives, teaching methods, independent work of students.

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,65 Mb RAM

Шартты баспа табағы 25,55.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3936

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

5,65 Mb RAM

Усл.п.л. 25,55. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3936

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-pedagogic.tou.edu.kz